# Өзбекстан Республикасының Президенті Ислам Әбдіғаниұлы Кәрімовтің 2002 жылғы 9 қыркүйектегі Қазақстан Республикасына ресми сапарының барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 26 қараша N 1259

Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы екі жақты ынтымақтастықты одан әрі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Өзбекстан Республикасының Президенті Ислам Әбдіғаниұлы Кәрімовтің 2002 жылғы 9 қыркүйектегі Қазақстан Республикасына ресми сапарының барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдар (келісім бойынша) мен мүдделі ұйымдар Жоспарда көзделген тапсырмаларды орындау жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Жоспардың орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне кемінде тоқсан сайын бір рет хабарлап отырсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 26 қарашадағы
N 1259 қаулысымен
бекітілген

## Өзбекстан Республикасының Президенті Ислам Әбдіғаниұлы Кәрімовтің 2002 жылғы 9 қыркүйектегі Қазақстан Республикасына ресми сапарының барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

-------------------------------------------------------------------

N ! Іс-шара ! Орындау ! Жауапты орындаушылар
р/с ! ! мерзімі !

| 1 | 2 | 3 | 4 |
| --- | --- | --- | --- |
| 1 | Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы Қазақстан-Өзбекстан мемлекеттік шекарасы туралы шарттың күшіне енуі жөнінде қажетті мемлекетішілік рәсімдерді жүргізу | 2002 жылдың IV тоқсаны - 2003 жылдың I тоқсаны | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 2 | Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының арасындағы Қазақстан-Өзбекстан мемлекеттік шекарасының жекелеген учаскелері туралы шарттың күшіне енуі жөнінде қажетті мемлекетішілік рәсімдерді жүргізу | 2002 жылдың IV тоқсаны - 2003 жылдың I тоқсаны | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 3 | Екі ел арасындағы сауда-экономикалык және инвести. циялық ынтымақтастықты кеңейтудің накты бағыттары жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізу | 2002 жылдың аяғына дейін | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |
| 4 | Екі ел арасындағы ғылыми-техникалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтас. тықты кеңейтудің накты бағыттары жөнінде Қазақстан | 2002 жылдың аяғына дейін | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізу | | келісім министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы |
| 5 | Өзбек тарапымен Екі жақты ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның кезекті отырысын өткізу туралы мәселені пысықтау | 2002 жылдың IV тоқсаны | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 6 | Өзбекстан Республикасына азық-түліктік бидай жеткізіліміне келісім-шарттар жасасу мүмкіндік. терін қарау | 2002 жылдың IV тоқсаны | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша) |
| 7 | "Шеңгелді-Сарыағаш", "Бейнеу-Оазис" және "Мақтаарал-Жетісай" темір жол учаскелерін қазақстандық тараптың балансына беру процесін аяқтау | 2003 жылдың аяғына дейін | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша) |
| 8 | Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасында Халықаралық су-энергетика консорциумын құру туралы келісімнің жобасын дайындау | 2003 жылдың I тоқсаны | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі |
| 9 | "Қоңырат-Бейнеу-Ақтау" автомобиль жолы учаскесінің құрылысын жеделдету мүмкіндігін зерделеу | 2002 жылдың аяғына дейін | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |
| 10 | Ақтау теңіз сауда порты арқылы сыртқы рыноктарға өзбек жүктерін жөнелтуді кеңейтудің мүмкіндігін зерделеу | 2002 жылдың аяғына дейін | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, "Ақтау теңіз сауда порты" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (келісім бойынша) |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 11 | Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы терроризмге қарсы күрес, сондай-ақ көші-қон процестерін реттеу жөніндегі бірлескен іс-қимылдарды үйлестіру мәселелері жөнінде Өзбекстан Республикасының тиісті құрылымдарымен тұрақты өзара іс-қимылды ұйымдастыру | жасалған келісім. дердің шартта. рына сәйкес | Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі |
| 12 | Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы әскери атташесін тіркеу мәселесі жөніндегі жұмысты жалғастыру | 2003 жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі |
| 13 | Возрождение аралын оңалту жөнінде қазақстандық және өзбектік тараптардың бірлескен шаралары туралы ұсыныстар даярлау және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізу | 2003 жылдың I тоқсаны | Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі |
| 14 | Қазақстанның Өзбекстандағы және Өзбекстанның Қазақстандағы ғылым, мәдениет және өнер қайраткерлерінің кездесуі мен қазақ және өзбек халықтарының достық әрі | 2002 жылдың аяғына дейін | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | бауырластық қарым-қатынастарын дамытуға арналған ғылыми-практикалық конференция өткізу туралы мәселені пысықтау | | |
| 15 | "Хабар", "Ел арна", "Қазақстан-ТВ" бағдарламаларын қабылдауды ұйымдастыру үшін "Кателко" немесе "Кателко плюс" жүйесінің қабылдаушы спутник станцияларын сатып алу мен орнату мүмкіндігін және Өзбекстан Республикасының аумағында қазақтар тығыз тұратын жерлерде қазақстандық баспасөз бұқаралық ақпарат құралдарын тарату мүмкіндігін зерделеу | 2002 жылдың IV тоқсаны | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |

------------------------------------------------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК